



Бекітілді
Экономика және қаржы
жөніндегі басқарушы
директор
_____ Рысқұлов А.К.
«__» _____ 2023 жыл

«Самұрық-Энерго» АҚ «Жасыл» облигациялар бойынша есеп

қаңтар 2023 жыл
Астана қ.

Кіріспе

25 қарашада «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – Самұрық-Энерго) «Астана» Халықаралық қаржы орталығының - Astana International Exchange қор биржасында жария жазылу жолымен жылдық 11,4% купондық мөлшерлеменен және айналыс мерзімі 6,5 жылға 18,4 млрд теңге мөлшеріндегі «жасыл» облигацияларды дебюттік орналастыруды жүзеге асырды.

Орналастырудан түскен қаражат Халықаралық бағалы қағаздар нарығы қауымдастығының (ISMA) Жасыл облигациялар қағидаттарына (GBP) сәйкес қолайлы жасыл жобаларды қаржыландыруға бағытталды.

«Haluk Finance» АҚ Самұрық-Энерго жасыл облигацияларын шығару және орналастыру бойынша жетекші-менеджер және букраннер болды.

Жасыл облигациялардың дебюттік шығарылымы Жасыл қаржы орталығының қолдауымен жүзеге асырылды, ол қажетті консультациялық қолдау көрсетті және облигациялардың жасыл облигациялар қағидаттарына сәйкестігі туралы тәуелсіз қорытынды жасады (Second Party Opinion). Самұрық-Энерго Басқарма Төрағасы Самұрық-Энерго дамуының жаңа стратегиясында көзделген Энергияға көшу жоспарын іске асыру мақсатында жасыл энергетикаға инвестиция салудың маңыздылығын мәлімдеді.



«Halyk Finance борыштық капитал нарығында қорландыруды тарту мәмілелерін ұйымдастырудың озық тәжірибесіне ие бола отырып, Самұрық-Энерго жасыл облигацияларының дебюттік шығарылымын орналастыру арқылы қазақстандық борыштық нарықта ESG қағидаттарын ілгерілетуге бағытталған жаңа құралдарды дамыту мүмкіндігіне ризашылығын білдіреді. Біз тұтастай алғанда ESG-облигацияларының, оның ішінде жасыл облигациялар нарығының көлемі орнықты даму практикасын енгізуді ынталандыру және эмитенттер мен инвесторлар арасында ESG және Green-метрикаларға байланысты мақсаттарды айқындау аясында өсе түстеді деген ойдамыз», - деп түсіндірді Halyk Finance Басқарма Төрағасы.

"Бұл Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында өндірістік саладан шыққан алғашқы қазақстандық эмитент өзінің орнықты даму қозғалтқышы ретіндегі маңыздылығын түсіне отырып, жасыл рельстерге қадам басқан маңызды оқиға. Тұрақты қаржыландыру құралдарын белсенді пайдалану және орнықты бағалы қағаздардың жергілікті нарығын ұлғайту жасыл және әлеуметтік облигациялар сияқты орнықты дамудың қаржы құралдарын енгізетін даму институты ретіндегі жұмысымыздың басты көрсеткіші болып табылады", - деп атап өтті Жасыл қаржы орталығының Бас директоры.

Самұрық-Энерго облигациялары «Самұрық-Қазына «ҰӘҚ» АҚ портфельдік компаниясы эмитент ретінде белгіленіп, АХҚО биржасының жасыл қағидаттарына сәйкес келетін бағалы қағаздардың алғашқысы болып отыр. Қоғамға экологиялық және әлеуметтік пайда әкелетін инвестициялық жобаларды қолдау АХҚО дамуының стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. АХҚО биржасында ірі электр энергетикалық холдингтің жасыл облигацияларды шығаруы Қазақстанда ESG-инвестициялау шараларын дамыту үшін, сондай-ақ экономиканың қоңыр секторларынан компаниялардың шығын қарқындата түсу үшін жаңа серпін беретін маңызды оқиға болып табылады. «Қазақстан, бүкіл әлем сияқты, жаңартылатын энергия көздерін кеңінен пайдалануда 4-ші энергетикалық көшу кезеңіне қадам басуда, олар уақыт өте келе қазба отындары — мұнай мен көмірді ығыстыратын болады. «Жасыл экономикаға» көшудің жаһандық трендтері, ESG-стейкхолдерлердің өсіп келе жатқан талаптары Самұрық-Энерго үшін сын-тегеуріндер ретінде қызмет етеді. Осыған байланысты компания «жасыл» экономикаға көшу бағытының дамыту стратегиясын анықтады және оны жүзеге асыруға сенімді түрде көшу бағытында. Біз Жасыл қаржы орталығына, «Halyk Finance» және АХҚО қор биржасына үйлестірілген жұмысы үшін алғыс айтамыз», - деп атап өтті Самұрық-Энерго Басқарма Төрағасы

«Жасыл» облигациялардың шығарылымы туралы мәлімет

Самұрық-Энерго Басқармасының 2021 жылғы 10 қарашадағы №31 хаттамасының шешімімен Қоғамның Жасыл қаржыландыру саласындағы саясаты (бұдан әрі - Саясат) бекітілді, ол қолайлы жасыл жобалардың негізгі өлшемдерін айқындайтын болады.

«Шардара ГЭС» АҚ жобасын қаржыландыру мақсатында 2012 жылғы 24 тамызда 25 870 000 мың теңге сомасында қарыз алынды. Бұл қарыз инфляция деңгейі негізінде қалыптасатын құбылмалы мөлшерлемені білдіреді. 2021 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ҚР-да инфляцияның өсуін ескере отырып, 2021 жыл ішінде қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі 13,76% деңгейінде қалыптасты.

Осылайша, жасыл облигациялар шығару есебінен «Шардара СЭС» АҚ қарызын қайта қаржыландыру сыйақы шығыстарын азайтуға, сондай-ақ қаржыландыру мөлшерлемесін одан әрі ұлғайту тәуекелін барынша жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Саясатқа сәйкес жаңартылатын энергетика, оның ішінде экологиялық қорытынды жасалған және парниктік газ шығарындылары 100 грамм CO₂e/кВт*сағ аспайтын қуаттылығы жоғары гидроэлектростанциялар қолайлы санаттардың бірі болып табылады. Сондықтан да «Шардара ГЭС-ін жаңғырту» жобасы қолайлы жобалардың бірі болып табылады.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Самұрық-Энерго активтерінің жалпы портфеліндегі «жасыл» облигациялардың үлесі 5,85% құрады.

Самұрық-Энерго «жасыл» облигацияларының негізгі параметрлері

Облигация түрі	Қамтамасыз етілмейтін «жасыл» облигациялар («green bonds») (бұдан әрі – «Облигациялар»)
Нысаны	Астана халықаралық қаржы орталығының (бұдан әрі – «АХҚО») заңнамасына сәйкес АХҚО биржасында Astana International Exchange (бұдан әрі – АІХ) листингімен «Wholesale bonds» форматында.
Облигациялардың айналыс мерзімі	Орналасқан күннен бастап 6 ½ жыл
Валюта	Теңге.
Номиналды құны	Әр облигацияның номиналды құны 100 000 000 (жүз миллион) теңгені құрайды
Облигациялар саны	190 (жүз тоқсан) дана
Шығарылым көлемі	19 000 000 000 теңге
Шығару алаңы	АІХ
Купон мөлшерлемесі	Сыйақы мөлшерлемесі: тіркелген, облигацияларды орналастыру бойынша Аіх (жазылу/bookbuilding) бойынша алғашқы өткізілген саудасаттықты өткізу қорытындылары бойынша Эмитент айқындаған ең төменгі мөлшерлемесі ретінде айқындалады, бірақ облигациялардың номиналды құнының жылдық 11,4 (он бір бүтін оннан төрт) % аспайды.
Облигацияларды орналастыру нәтижесінде алынған қаражатты пайдалану	«Жасыл» жобаларды қаржыландыруға / іске асырылған «жасыл» жобалар бойынша міндеттемелерді қайта қаржыландыруға.

Үлестірім туралы ақпарат

ISIN (бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру коды)	Бағалы қағаздың түрі	Номиналды құны	Купон/Мөлшер леме	Шығарылған күні	Өтеу мерзімі	Таза түсім	Барлық орналастырылған қаражат	Барлық орналастырылмаған қаражат
KZX000000914	«Жасыл» облигациялар	100 000 000 теңге	11,4% жылдық	25.11.2021	25.05.2028	18 400 000 000 теңге	18 400 000 000 теңге	600 000 000 теңге

Жасыл облигациялар шығарудан түскен 100% түсім «Шардара ГЭС жаңғырту» жобасы бойынша міндеттемелерді қайта қаржыландыруға пайдаланылды.

«Шардара ГЭС-ін жаңғырту» жобасы аясында жобаның негізгі мақсаттарына қол жеткізілді:

Аймақтағы электр энергиясына өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін электр энергиясын өндіруді арттыру.

- Төрт турбинаның әрқайсысының шығыс қуатын 25 МВт-тан 31,5 МВт-қа дейін арттыру арқылы станцияның белгіленген қуатын 100 МВт-тан 126 МВт-қа дейін арттыру
- Шығындарды азайту арқылы турбиналар мен генераторлардың жұмыс тиімділігін арттыру
- Моральдық ескірген және физикалық жағынан тозған жабдықтарды табиғатты қорғау іс-шараларын және электр станциясын толық автоматтандыруды қамтамасыз ететін жаңа заманауи жабдықтармен ауыстыру, нәтижесінде гидроэлектростанцияның сенімділігі мен апатсыз пайдалануға дайындығын арттыру.
- Жабдықты жөндеу және пайдалану қызметімен байланысты тікелей шығындарды азайту арқылы станция қызметінің тиімділігін арттыру.

Жоба бойынша озық халықаралық технологиялық инновациялар орындалды, оның ішінде:

- Станцияның барлық жабдықтарын сандық технологияға негізделген тәсілмен басқару
- Бір жұмыс орнынан және диспетчер бөлмесінен үлкен дисплейден бақылау жүйесі
- Топтық реттеу, берілген қуатты автоматты реттеу
- Жедел ЭКЕАЖ, жүйелік оператордың деректерді онлайн беруі
- Жабдықтар мен қосалқы жүйелерді пайдалануда сигналдық және дыбыстық бақылау
- Өртке қарсы жүйелердің сигнализациясын цифрландыру
- Автоматты өрт сөндіру жүйесі
- Турбина жұмысының тиімділігін автоматты түрде орнатуды бақылау
- Қауіпсіз кавитация аймағындағы турбинаны автоматты бақылау және басқару жүйесі
- Келісімшарт талаптары бойынша кепілдік мерзімі аяқталғанға дейін, яғни 2022 жылғы 28 ақпанда жабдықтың дұрыс жұмыс істеуі мердігердің міндетін қамтиды
- Қазіргі уақытта жоғарыда аталған барлық инновациялар мінсіз пайдалануда

«Шардара ГЭС-ін жаңғырту» жобасын жүргізудің тиімділігі

- Жаңғыртудан кейін гидростанцияның қызмет ету мерзімі 45-50 жылға артты.
- ГЭС қуаты 26% ұлғайды, бұл Түркістан облысы мен Шымкент қаласында электр энергиясының тапшылығын жабуға бағытталатын электр энергиясы көлемінің 26 МВт-қа артқандығын білдіреді.
- Қуаттың өсуі қоршаған ортаға қосымша теріс әсер етпестен қамтамасыз етіледі.
- Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі тұтынушылары үшін электр энергиясын үздіксіз өндіруге қабілетті Шардара ГЭС қауіпсіздігі мен сенімділігі қамтамасыз етіледі, оның өндірістік-экономикалық тиімділігі артады, гидроагрегаттар мен станциялардағы апатты жөндеу-қалпына келтіру іс-шараларына бөлінетін жыл сайынғы шығындар алынып тасталады.
- Жұмыскерлердің жалпы саны 136 адамды құрайды.

Самұрық-Энергоның «жасыл» қаржыландыру жөніндегі жұмыс тобы

Самұрық-Энерго Басқармасының 2021 жылғы 10 қарашадағы шешімімен бекітілген (№31 хаттама) «жасыл» қаржыландыру саласындағы Самұрық-Энерго Саясатының 4-бөлімі 4.3-тармағының 4.3.2-тармақшаларына, Жарғының 17-бабы 2-тармағының 18) тармақшасына сәйкес «жасыл» облигациялар немесе Самұрық-Энергоның «жасыл» кредиттері арқылы қаржыландыруға немесе қайта қаржыландыруға жатқызылатын жобаларды бағалау және іріктеу мақсатында Самұрық-Энерго Басқарма Төрағасы 2021 жылғы 26 қарашада «Самұрық-Энергоның жасыл қаржыландыру бойынша жұмыс тобын құру туралы» № 224-Ө бұйрыққа қол қойды.

Жұмыс тобының құқықтары:

- Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінен «жасыл» қаржыландыру мәселелері бойынша ақпарат сұрату;
- өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдау, сондай-ақ «жасыл» қаржыландыру саласындағы қызметті жақсартуға бағытталған ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу;
- белгіленген тәртіппен өз отырыстарына Қоғамның Жұмыс тобының мүшелері болып табылмайтын құрылымдық бөлімшелерінің/Қоғамның еншілес ұйымының сарапшылары мен өкілдерін Жұмыс тобы қарайтын мәселелерді талқылауға шақыру;
- Жұмыс тобы отырысының қорытындысы бойынша дайындалған ақпараттық материалдарды мүдделі тұлғаларға жіберу.

Самұрық-Энерго «жасыл» қаржыландыру жөніндегі жұмыс тобының құрамы

Жұмыс тобының жетекшісі

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор

Жұмыс тобының мүшелері:

«Қазынашылық және Корпоративтік қаржы» департаментінің директоры

«Қазынашылық және Корпоративтік қаржы» департаментінің бас менеджері

«Стратегиялық жоспарлау және Экономикалық талдау» департаментінің бас менеджері

«Еңбекті және Қоршаған ортаны қорғау» департаментінің бас менеджері

«Корпоративтік басқару және Орнықты даму» департаментінің директоры

«Корпоративтік басқару және Орнықты даму» департаментінің бас менеджері

«Жобалар Портфелін Басқару» офисінің жобалау менеджері

«Цифрлық трансформация» офисінің басшысы

«Цифрлық трансформация» офисінің бас менеджері

«Цифрлық трансформация» офисінің бас менеджері (жоба түріне қарай)

«Күрделі құрылысты және жөндеуді басқару» департаментінің директоры (жоба түріне қарай)

«Инвестициялық талдау» департаментінің директоры (жоба түріне қарай)

«Генерация және Отын» департаментінің бас сарапшысы (жоба түріне қарай)

«ЖЭК және Тарату» департаментінің бас сарапшысы (жоба түріне қарай)

«Өндірістік тиімділік» департаментінің директоры (жоба түріне қарай)

Жұмыс тобының хатшысы

«Қазынашылық және Корпоративтік қаржы» департаментінің бас менеджері

«Жасыл» қаржыландыру жөніндегі жұмыс тобының күндізгі отырысы

«Жасыл» қаржыландыруға қаражат тарту шеңберінде Самұрық-Энерго АҚ жұмыс тобының отырысында, 2021 жылғы 14 желтоқсанда (№5 хаттама) мынадай мәселе қаралды:

1. «Жасыл» қаржыландыру шеңберінде қолайлы жасыл жобаларды бағалау және іріктеу туралы".

Самұрық-Энерго Басқармасының 2021 жылғы 10 қарашадағы шешімімен (№31 хаттама) бекітілген Қоғамның жасыл қаржыландыру саласындағы саясатының 4.3.5-тармағына сәйкес Қоғамның Жасыл қаржыландыру жөніндегі жұмыс тобы шешім қабылдады:

1. «Шардара ГЭС-ін жаңғырту» жөніндегі жоба «жасыл» қаржыландыру шеңберінде қолайлы «жасыл» жоба ретінде белгіленсін.